



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

бюджетінде анықталған мерзімде және көрсетілген мөлшерде салықтық төлемдерді енгізуге міндетті. Бірақ біздің мемлекетте, мемлекеттік құрылыс пен салық жүйесінің реформалау этапында және осы міндеттердің орындалуы әлі де жағдайды жақсартуды қажет етеді. Салықты төлеуден жалтару заңды және заңды емес әдістермен жүзеге асырылады, сондықтан салық жүйесін реформалау жүргізілді және Қазақстан Республикасының жаңа салық кодексі енгізілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Умбетаев «Салық және салық салу», 22 бет
2. Құлпыбаев С., Мельников В.Д. «Қаржы Негіздері» 251-бет
3. Ілиясов Қ. Қ. «Қаржы» Алматы, 211 бет.
4. afk.kz Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы
5. Құлыпбаев С, Баязитова Ш, Баязитова А. Қаржы теориясы. Оқу құралы – Алматы: Мерей, 2001 ж – 176 б.
6. Қазақстан Республикасының Салық Кодексі. Алматы 2003 жыл.
7. Кәкімжанов З. Салық кодексіндегі соңғы өзгерістер. Егемен Қазақстан –2002 ж.- 22 қаңтар – 2 б.
8. А.Д. Байдүйсенов. Қазақстан салық жүйесіндегі кейбір мәселелер. Қаржы – Қаражат – 2001 ж. - №4-32-36 б.

КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Советбекова Л.С

Мемлекеттік аудит мамандығының 3-курс студенті

ғылыми жетекші Жахметова Айнура Каиржановна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан
Республикасы

E-mail: sovetbekovalaura@gmail.com

Аннотация

Бұл мақалада квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінің тиімділігін және олардың жалпы елдің экономикалық дамуына әсерін бағалау проблемаларына арналған. Квазимемлекеттік сектор субъектісі мысалында, «Эйр Астана» акционерлік қоғамының қаржылық тиімділік көрсеткіштері көрсетілген.

Түйін сөздер: Тиімділік аудиті, квазимемлекеттік сектор субъектілері, әлеуметтік-экономикалық даму ықпалы, қаржылық көрсеткіштер сапасы, активті құнның өсуі, рентабельділік көрсеткіштер.

Аннотация

Данная статья посвящена проблемам оценки эффективности деятельности субъектов квазигосударственного сектора и их влияния на экономическое развитие страны. На примере субъекта квазигосударственного сектора показаны финансовые показатели акционерного общества «Эйр Астана».

Ключевые слова: аудит эффективности, субъекты квазигосударственного сектора, влияние социально-экономического развития, качество финансовых показателей, рост активной стоимости, показатели рентабельности.

Summary.

This article is devoted to the problems of assessing the effectiveness of quasi-public sector entities of country as a whole. On the example of quasi-public sector entity, the financial performance indicators of «Air Astana» Joint Company are show.

Keywords: performance audit, quasi-public sector, impact of socio-economic development, quality of financial indicators, growth of asset value, profitability indicators.

Қазіргі кезеңдегі құрылымдық экономикалық өзгерістерді басқару сипаты ұлттық ресурстарды басқарудың озық нұсқасымен бірге, ел әлеуетінің дамуын басқарудың тиімді тәсілдерін, әдістері мен жаңа жолдарын іздеу бағыттары бүгінгі күнге дейін қажеттілігін туғызатын өзекті проблемалардың бірі. Осы проблемаларды шешу жолында бюджет қаражатын тиімді пайдаланудың стратегиялық факторы ретінде-мемлекеттік аудиттің орны ерекше.

Қазақстан Республикасында бюджет қаражаты, күрделі шығындардан басқа нәтижесінде-квазимемлекеттік сектор субъектілері пайда болатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салым түрінде инвестициялануы мүмкін. Елімізде квазимемлекеттік сектор субъектілері-Қазақстан Республикасының экономикалық саясатында елеулі рөл атқарады. Олар мемлекеттік және үкіметтік даму бағдарлама шеңберінде бюджет қаражатын пайдаланушы ретінде бюджеттік бағдарламаларға қатысады. Сол себепті, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың қызметіне тиімділік аудитін жүгізу, және олардың ел экономикасына әсерін бағалаудың өзектілігі жылдан-жылға артып келеді.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде бюджет проценіне қатысушылардың, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жауапкершілігін күшейту мәселелеріне қатысты, бұзушылықтар әкімшілік жауаптылыққа тартылатындығы жайында ережелер қарастырылған. Демек, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген әкімшілік шығыстар бойынша заттық нормалардан асып кетуі нәтижесінде, сондай-ақ қаржылық-экономикалық негіздемеде көзделген, жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестициялардың нәтижелеріне қол жеткізбегені үшін әкімшілік жауаптылық қолданылады. Соған орай әкімшілік шығыстарға, коммунналдық, көліктік және басқада жалға алу шығындарына байланысты мемлекеттік органдар қатаң тәртіппен белгілейді. Осындай қаржылық бұзушылықтар болған жағдайда-жоспарланған жылға мемлекеттік бюджеттен квазимемлекеттік сектор

субъектілерінің жарғылық капиталына бөлінетін қаржы көлемін қысқарту арқылы бұзушылықтарды барынша жоюды ұсынамыз. Өйткені, қаражат аз бөлінген жағдайда-үнемдеу барынша тиімді жүргізіледі.

Мемлекеттік аудит жүйесін қалыптастырудың ағымдағы кезеңінде: оны жүргізу рәсімдерінің әдіснамалық негіздерін қалыптастыру қажет. Квазимемлекеттік сектор ел үшін қолда бар ресурстарды пайдалануды оңтайландыру, сол сияқты Қазақстанның болашақ әлеуметтік-экономикалық дамуын қалыптастыру тұрғысына да маңызы зор болып саналады. Қазақстан Республикасында Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жиыны 2019 жылғы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің сайтында келтірілген статистикалық деректер бойынша 6963 заңды тұлғаны құрайды.

Зерттеудің негізі квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігін бағалау саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер болды. Біздің елімізде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекеттік аудиттің типі бойынша, көбінесе тиімділік аудиті жүргізу қолайлы болып табылады. Себебі, мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржының мақсатты жұмсалғандығын бақылау маңыздылығы-жоғары. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне тиімділік аудитін жүргізу-сәйкестік аудиті материалдары мен қаржылық есептілік аудиті негізінде жүргізілетін бағалау болып табылады. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы ҚРЗ Заңы бойынша, «Тиімділік аудиті»-мемлекеттік аудит объектісінің қызметін тиімділік, өнімділік, үнемділік және нәтижелілік нысанда бағалау және талдау.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері-бюджет қаражатын алушылар ретінде саналатындықтан, бөлінген қаражаттың барынша тиімді жұмсалғандығын бағаланып, бақыланауы қажет. Сондықтан, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жыл сайын аудит жүргізіледі.

Зерттеу сатыларында шетелдік тәжірибелер де назардан тыс қалмады. Аудит объектілерін анықтау жекеленген елдер бойынша ерекшеліктеріне тоқталып кететін болсақ, мысалы, Канадада мұндай нысандар әр 10 жыл сайын тексерілсе, Жапонияда жарғылық капиталдың 50%-ын (немесе одан жоғары) мемлекет қаржыландыратын болса, онда жыл сайын міндетті аудит жүргізіледі. Шетелдерде басқару органдарының жауапкершілігіне айрықша көңіл бөлінеді. Басқару және бақылау ұжымдық жауапкершілік үшін-компанияның, акционерлердің және акционерлік қоғамдардың мүдделері үшін қабылданатын шешімдердің объективтілігі болып табылады. Басқа да мүдделі тұлғаларға, сондай-ақ компаниядағы тиімді басқаруды іске асыруға кепілдік береді. Сонымен қатар, Қытайда ЖАО (жоғары аудит органы)-ның компаниялар бойынша мемлекеттік қадағалау және басқару кеңесінің арнайы құрылған комиссиясының арқасында (SASAC, Комиссия) тиімділігінің аудиті қызметі жеңілдейді. Бұл комиссия инвестордың міндеттерін орындайды, бақылайды, активтерді басқарады, басқаруды жақсартады, бағалау критерийлерін әзірлейді және тағайындайды.

Қазақстан Республикасында Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне: мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде, ұлттық қатысушылары немесе акционерлері бар холдингтер, ұлттық компаниялар, мемлекет, сондай-ақ еншілес, тәуелді және өзге де заңды тұлғалар ретінде-ұлттық компаниялардың қарамағындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар ретінде тіркелген заңнамалық актілерге сәйкес ҚР-ның заңымен реттелген ұйымдар жатады.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасында тиімділік аудитін жетілдіру жөнінде ұсыныстар қарастырылып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің әзірленуі мен келісім шаралары жүргізілуде. Бюджет қаражатын алушылар, алынған қаржыны барынша мақсатты әрі тиімді жұмсауын қадағалау-еліміздегі қаржылық бұзушылықтардың алдын-алуға, және де орын алған қаржылық бұзушылықтарды анықтап, олардың санын барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, 2020 жылы квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мониторинг енгізу туралы «Қазақстан Республикасының Президентінің 3 шілдедегі №51-жарғысына» өзгеріс енгізілген. ҚР Президенті-Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарғысы бойынша, квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мониторинг 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту туралы, 2020 жылдың 26 желтоқсанында, Нұр-Сұлтан қаласында Ақордада өзгеріс енгізіліп, жарғы номері бойынша №478-жарғы болып тіркелген.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарына мемлекет акционері болып табылатын ұлттық холдинтердің, ұлттық фирмалардың даму саясатының стратегиясы мен даму жоспарларына бағалау жүргізу қағидаларын дайындайды және қабылдайды. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиімділік аудитін жүргізу мақсаты-квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономикалық, әлеуметтік саланың немесе мемлекеттік басқарудың жекеленген саласының дамуына әсерін кешенді және объективті талдау. ИНТОСАИ аудитінің стандарттарына сәйкес, тиімділік аудиті экономиканың квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметіне байланысты – үнемділік, тиімділік және нәтижелілік көрсеткіштерін бағалайды.

Тиімділік аудитінің міндеттері:

- Квазимемлекеттік сектор субъектісі бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылғын іс-шаралардың нақты нәтижелерін, (сандық көрсеткіштерін) түпкілікті нәтижелерін, (нәтижелік көрсеткіштерін) сапасы мен тиімділік көрсеткіштерін және бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесінің жоспарланған, тиісті нәтижелерін және стратегиялық құжаттарда жоспарланған тиісті нәтижелерімен салыстыру;

- Бюджеттік инвестициялар қаржы-экономикалық негіздемесінде жоспарланған көрсеткіштермен есепті жыл үшін тікелей нәтиже көрсеткіштерін бағалау;

- Мемлекеттік аудитті жүргізу арқылы, тиімділік аудитінің қорытындыларын, тәуелсіз аудиторлар пікірін алу.


Тиімділік аудитінің мәні мен объектілері, өлшемдері, артықшылықтары және тәуекел топтарына зер салу бөлінісіне бағалау нәтижесі бойынша шығыс нысанында рәсімделеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісі ретінде «Эйр Астана» Акционерлік қоғамының қаржылық тиімділік көрсеткіштеріне назар аудардық. Air Astana (заңды атауы «Эйр Астана»)-Қазақстан Республикасының авиатасымалдаушы, «Нұр-Сұлтан» және «Алматы» әуежайларынан ішкі және халықаралық тұрақты рейстерді орындайтын еліміздегі ең ірі авиакомпания. Компания «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры (51%) мен британдық BAE System PLC (49%) компаниясының 2001 жылғы қазанда құрылған бірлескен кәсіпорын болып табылады.



1- сурет «Эйр Астана» Акционерлік компаниясының 2019 жылғы операциялық шығыстары

«Эйр Астана» АҚ Акционерлеріне және Директорлар кеңесіне 2019 жылғы аудиторлық тексеріс нәтижесі бойынша, KPMG тәуелсіз аудиторлардың пікірінде: “2019 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есебінде, аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал, басқа жиынтық табыстарын, меншікті капиталдағы өзгерістерін және ақша қаражаттарының қозғалысын «Эйр Астана» АҚ қаржылық есептілік «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына» (ҚХЕС) сәйкес барлық талаптарын сақтай отырып, «Эйр Астана» АҚ-ның қаржылық жағдайын және қаржылық нәтижелерін, сондай-ақ ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді”-деген қорытынды берілген.



	2019 ж.	2018 ж.	%
■ Түсім мен өзге кірістер, барлығы (Млрд теңге)	250,217	212,486	17,80%
■ Операциялық шығыстар, барлығы (Млрд теңге)	-229,596	-199,524	15,10%
■ Операциялық пайда (Млрд теңге)	20,621	12,962	59,10%
■ Операциялық пайда маржасы (Млрд теңге)	8,24%	6,10%	2,14%
■ Таза қаржылық кірістер/(шығыстар) (Млрд теңге)	-1,247	-19,964	93,80%
■ Бағамдық айырмашылықтан келетін таза кіріс/(залал)	-3,38	-3,916	13,70%
■ Салық салынғанға дейінгі пайда/(залал) (Млрд теңге)	15,994	-10,918	246,50%
■ Табыс салығына жұмсалған шығыс (Млрд теңге)	-3,176	-1,916	65,80%
■ Жыл бойынша келген пайда/(залал) (Млрд теңге)	12,818	-12,834	199,90%

2-сурет «Эйр Астана» Акционерлік қоғамының 2018-2019 жылғы қаржылық көрсеткіштері

«Эйр Астана» акционерлік қоғамына берілген аудиторлық пікірге сәйкес, акционерлік қоғам ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді деп толықтай ауыз толтырып айтуға болады. Сөзімізге дәлел ретінде-2-суретте «Эйр Астана» Акционерлік қоғамының 2018-2019 жылғы қаржылық көрсеткіштерге қысқаша шолу көрсетілген.

Аудиторлық қызметті жүргізуші-«KPMG Аудит» ЖШС Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тіркелген компания және Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative («KPMG

International”) қауымдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар желісінің мүшесі.

Қорытындылай келе, қазіргі нарықтық экономикалық заманда, мемлекеттік аудиттің зерделеніп отырған бағытын талдау кезінде, квазимемлекеттік сектор субъектілері өз қызметтері барысында алынған қаражаттан түрлі операциялар мен мәлімдемелер жасасады. Сол себептен, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржыландыру мәселесіне салмақты назар аударған жөн. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінген қаражат-мемлекеттік бюджет деп аталмағанымен, мемлекеттік бюджет активтерінің бөлігін құрайды, іс жүзінде мемлекеттік қаражат-меншікті қаражат ретінде рәсімделетіндіктен, келеңсіздіктер туғызуы мүмкін. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жыл сайын міндетті аудит жүргізу-бюджет қаражатын алушылардың қаражаттарды барынша мақсатты пайдаланғанын, және тиісінше тиімді жұмсалғанын анықтап бақылау үшін жасалатын мақсатты қызмет. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау-Қазақстан Республикасында қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын-алып, еліміздегі сыбайлас жемқорлықты жоюға арналған қарсы қызмет болып табылатын, бюджет қаражатының тиімді пайдаланылуын анықтайтын маңызы зор саласы деуге болады, және болашақта еліміздегі барлық мемлекеттік бюджет ақша қаражаттарының қозғалысы барынша әділ көрсетіледі деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы»/ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңы № 392-V ҚРЗ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
2. «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Кодексі (соңғы өзгертулерімен толықтыруларымен). <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095>
3. Мемлекеттік аудит. оқулық/ред. Джамбурчин К . - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. 2016.- 375б.
4. Алпысбаев Т.А Квазимемлекеттік сектор тиімділік аудит әдістемелерін жетілдіру //Қаржы-экономикалық журналы «Мемлекеттік аудит-Государственный аудит» 2018. - №4.
5. «Эйр Астана» АҚ 2019 жылғы KPMG тәуелсіз аудиторлардың есебі <https://www.gosreestr.kz/>